

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 21 ақпан N 183. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1229 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1229 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 4, 24-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату ережесінде:

6 - т а р м а қ т а :

"ақша" деген сөздің алдынан "қағаз" деген сөзбен толықтырылсын;
"(немесе)" деген сөз алынып тасталсын;

7-тармақ алынып тасталсын;
көрсетілген Ережеге 3-қосымшада:

тақырыбындағы, мәтіндегі және ескертудегі "Ақша" деген сөздің алдынан "Қағаз" деген сөзбен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі